

Кәсіптік стандарт: «Балет әртісі»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:
2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:
 - 1) Балет – сахналық өнердің бір түрі; мазмұны музыкалық-хореографиялық бейнелерде көрініс табатын спектакль. Классикалық балет спектаклінің негізінде белгілі бір сюжет, драматургиялық ой жатыр
 - 2) Балет әртісі – классикалық балет биін орындаушы
3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады
 - 1) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
 - 2) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
 - 3) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
 - 4) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы
 - 5) БА – Біліктілік анықтамалығы
 - 6) ББХСК – Білім берудің халықаралық стандартты классификациясы
 - 7) АҚ – Акционерлік қоғам
 - 8) ШЖҚ РМК – Шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорын
 - 9) ҚР МСМ МК – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті
 - 10) ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Балет әртісі
5. Кәсіптік стандарттың коды: R90011014
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
 - R Өнер, ойын-сауық және демалыс
 - 90 Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
 - 90.0 Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
 - 90.01 Әртістік қызмет
 - 90.01.1 Театр қызметі
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Театр қызметі – театр өнерінің туындыларын жасау, тарату және сақтау жөніндегі қызмет.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
 - 1) Балет әртісі - 4 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Балет әртісі»:			
Топтың коды:	2653-1		
Қызмет атауының коды:	2653-1-001		
Кәсіптің атауы:	Балет әртісі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	«Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 17 тамызда № 15495 болып тіркелді. Балет әртісі (опера және балет театры, музыкалық комедия)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Хореографиялық өнері	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			

Формалды емес және информалы біліммен байланыс:		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2653-1-002 Балет әртісі (жеке орындаушы)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кәсіби ұжымдарда, опера және балет театрларында, музыкалық және музыкалық-драмалық театрлар мен концерттік ұйымдарда штаттық кестеге сәйкес хореографиялық партияларды орындау.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Репертуарлық және жаңа қойылымдарда партияларды жаттау және орындау 2. Классикалық би сабақтарына үнемі қатысу, репетитормен және концертмейстермен жаттығу, кәсіби дағдыларды жетілдіру 3. Сыртқы физикалық және кәсіби пішінді сақтау және бірқалыпты ұстау 4. Қоюшымен, серіктестермен және қойылым тобының басқа да қатысушылармен шығармашылық өзара іс-қимыл жасау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Репертуарлық және жаңа қойылымдарда партияларды жаттау және орындау	Дағды 1: Балет орындау техникасы мен дағдыларын еркін меңгеру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Орындалатын хореографиялық шығармаларда классикалық, дуэтті-классикалық, халық-сахналық, заманауи, тарихи-тұрмыстық би техникасының барлық арсеналын қолдана білу. 2. Көркем образ жасай білу. 3. Орындаушылық шеберлігін, әртістігі мен даралығын дамыту. 4. Ансамбльде жұмыс істей білу, сахна алаңын бөлу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі және күрделі элементтерді, кәсіби терминологияны, музыкалық сауаттылық негіздерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Шығарманың стильдік ерекшеліктерін игеру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Орындалатын бейненің мазмұнын ашу үшін хореографиялық өнердің барлық мәнерлілік құралдарын қолдана білу, оның эстетикалық мазмұнын жеткізе білу. 2. Музыканың эмоционалды мазмұны мен сипатын ашу. 3. Хореографиялық шығарманың негізіндегі сахналық бейненің, әдеби шығарманың мазмұнын талдай білу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Белгілі бір дәуірдің тарихи ерекшеліктерін білу. 2. Белгілі бір халықтардың стильдік ерекшеліктерін, тәсілін білу. 3. Орындалатын кейіпкерлердің сипатын түсіну.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 3: Сахнада серіктеспен, репетитормен, балетмейстермен өзара әрекеттесу мәдениетін меңгеру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хореографиялық образдармен ойлана білу. 2. Сахна этикасы мен қарым-қатынас мәдениетін меңгеру. 3. Басқа орындаушылармен бірыңғай темпо-ритмикалық ансамбльде рөл құру қабілеті
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

		Білімдер:
		1. Актерлік шеберлік негіздерін білу. 2. Серіктеспен сахналық қарым-қатынас әдістері мен негіздерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Классикалық би сабақтарына үнемі қатысу, репетитормен және концертмейстермен жаттығу, кәсіби дағдыларды жетілдіру	Дағды 1: Кәсіби қабілеттерді қолдау және одан әрі дамыту	Машықтар:
		1. Кәсіби орындаушылық дағдылар кешенін меңгеру (классикалық би сабағы, тренаждың заманауи түрлері). 2. Орындау техникасын жетілдірумен жұмыс істеу: орнықтылықты, апломбаны, айналу техникасын, элевацияны, саусақтық техниканы, дененің пластикалық мәнерлілігін одан әрі дамыту. 3. Кәсіби аттестаттауға дайын болу. 4. Шыдамдылықты, күшті, еңбекқорлықты дамыту.
		Білімдер:
		1. Адам анатомиясы мен физиологиясының негіздерін білу. 2. Балет медицинасының негіздерін, тірек-қимыл аппаратының кәсіби ауруларын білу. 3. Алғашқы көмек көрсету дағдыларын меңгеру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Педагогтың басшылығымен дайындық жұмысы	Машықтар:
		1. Тапсырылатын партияларды біліктілігіне сәйкес орындау. 2. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда жоқ балет әртістерін ауыстыру.
		Білімдер:
		1. Дайындық процесінің құрылымы мен мазмұнын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 3: Сыртқы физикалық және кәсіби пішінді сақтау және бірқалыпты ұстау	Дағды 1: Кәсіби критерийлерге сәйкес келу	Машықтар:
		1. Дене бітімі мен салмағының нысандарына, балет әртістерінің міндетті параметрлеріне сәйкес келу. 2. Сахналық көрініс, мәнерлілік. 3. Балет залындағы жұмысқа сәйкес келетін репетициялық киімнің болуы.
		Білімдер:
		1. Еңбек және демалыс режимінің ережелері. 2. Бет анатомиясы және грим негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 4: Қоюшымен, серіктестермен және қойылым тобының басқа да қатысушылармен шығармашылық өзара іс-қимыл жасау	Дағды 1: Шығармашылық әлеуетті, шығармашылық бәсекелестікті ашу, балет әртісінің жеке басын тиімді дамыту	Машықтар:
		1. Шығармашылық қойылымның ниетін талқылауға қатысу. 2. Хореографиялық мәтінді тез қабылдау және есте сақтау. 3. Жоғары техника мен көркемдік талантты біріктіре білу. 4. Спектакльде, рөлде және бейнеде өзіндік жұмыс жасау дағдыларын игеру. 5. Ұзақ және тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндігі. 6. Эрудицияны, зияткерлікті арттыру.
		Білімдер:
		1. Кәсіби құзыреттілік. 2. Кәсіби қабілеттерінің болуы: аяқтың айналымдылығы, көтерілу, қадам, икемділік секіру.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Орындаушылардың құрамын бөлуден бастап премьерараға дейін спектакльді дайындаудың барлық кезеңдерінен өту	Машықтар: 1. Қойылымдық дайындықтарға қатысу. 2. Қоюшылардың (балетмейстердің, суретшінің, композитордың) ойы негізінде көркем образ жасау. 3. Спектакль премьерасына қатысу.
		Білімдер: 1. Қойылым процесінің құрылымы мен мазмұнын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Еңбекқорлық Тиімділік Физикалық төзімділік Эмоциялық тұрақтылық Командада жұмыс істей білу және қалау Шығармашылық Жігерлілік Төзімділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	4	Балет әртісі (солист)
	4	Түрлері мен бағыттары бойынша би ансамблінің әртісі
	6	Хореографиялық ұжымның әртісі

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Орындаушы:

11. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: -

14. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2022 г.

16. Болжамды қайта қарау күні: 20.12.2025 г.